

## Алкоголь өнімінің өндірісі жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 тамыздағы N 732 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 57 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.01.2013 № 57 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.23 N 1585 ( 2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі және " Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тастау көзделген - ҚР Үкіметінің 2011.12.23 N 1585 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2) алкоголь өнімінің өндірісі жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

Ескерту. 1-тамраққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.23 N 1585 ( 2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

23

тамыздағы

N 732

қаулысымен

бекітілген

## Алкоголь өнімінің өндірісі жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

Ескерту. Ереже алып тастау көзделген - ҚР Үкіметінің 2011.12.23 N 1585 ( 2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 23 тамыздағы  
N 732 қаулысымен  
бекітілген

## **Алкоголь өнімінің өндірісі жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

1. Алкоголь өнімінің өндірісі жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:

- 1) өндіруші әзірлеген және бекіткен өндіру паспортының;
- 2) лицензиарға өнім өндіру көлемдері туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін (қос тотықты көміртекпен қанықтырылғаннан басқа), лицензиар пломбылаған және белгіленген талаптарды қанағаттандыратын алкоголь өнімінің өндірілу көлемдерін есепке алу приборларының;
- 3) қойма үй-жайлары - тек қана этил спирті мен алкоголь өнімін қабылдауды, сақтауды, босатуды және есепке алуды жүзеге асыруға арналған, нормативтік техникалық құжаттамаларға сәйкес келетін мамандандырылған тұрақты үй-жайлардың және (немесе) алаңдардың;
- 4) тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуді регламенттейтін техникалық құжаттаманың (санитарлық нормалар мен ережелер, МЕМСТ-тар, өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау нормалары мен ережелері);
- 5) тұрақты коммуникациялар - нормативтік техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес өндірістің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ыстық және салқын сумен жабдықтаудың, бу, салқын, электр жабдықтаудың және кәріздің;
- 6) қойма үй-жайларына автомобиль және/немесе темір жол кіреберістерінің;
- 7) өлшеу құралдарының (шикізатты қабылдау және беру үшін таразы және өлшеу шаруашылығының);
- 8) өндірісті және сынақ зертханаларын өлшеу құралдарымен метрологиялық қамтымның;
- 9) нормативтік техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес алкоголь өнімін, өндірістің қосалқы өнімдерін, шикізатты, көмекші материалдарды, ыдыстарды сақтау жағдайларының;
- 10) жабдықтардың айрықшалығымен, жабдықтарды орналастырудың жинақтамалық жоспарларымен бірге өндірістің аппаратуралық-технологиялық схемасының;
- 11) арақ пен айрықша арақ және ликер-арақ өнімдерін (күштілігі он екі

пайызға жетпейтін күштілігі төмен ликер-арақ өнімдерінен басқасын) әрбір технологиялық желіге тоқсандар бойынша бір қалыпты жылына 200 мың декалитрден төмен емес көлемде өндіру және өнім шығару мүмкіндігінің;

12) санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық, өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін меншік құқығында тұрақты өндірістік үй-жайлар мен жабдықтардың болуын қамтиды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК